



БЕКІТІЛДІ




«М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ
Басқарма Төрағасы – Ректордың
« 01 » 08 2023 жылғы
№ 170 бұйрығы

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БАСҚАРМАСЫ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Тіркеу № 215

© «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ зияткерлік меншігі болып табылады. Қайта басуға және/ немесе одан әрі үшінші тұлғаларға беруге тыйым салынады.

АЛҒЫ СӨЗ

1.ӘЗІРЛЕУШІЛЕР	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі басқарма басшысы Назарбекова А.А.	 /ҚОЛЫ/	27.07.23 ж.
2.ЕНГІЗІЛДІ			
3.ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ			
4.ОРНЫНА ЕНГІЗІЛГЕН			
5.ТАРАТУ			
6.БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ	«М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ Басқарма Төрағасы-Ректор «01» 08 2023 ж. № 270 бұйрығымен		
7.КЕЛІСІЛДІ:	Басқарма мүшесі – стратегиялық даму және интернационалдандыру жөніндегі проректор Есимова Ш.А.	 /ҚОЛЫ/	01.08.23 ж.
	Басқарма мүшесі – әлеуметтік -мәдени даму жөніндегі проректор Тұрлыбек А.Е.	 /ҚОЛЫ/	27.07.23 ж.
	Персоналды басқару қызметінің басшысы Есмаханов Б.М.	 /ҚОЛЫ/	27.07.23 ж.
	Заң қызметінің басшысы Қайназарова М.Б.	 /ҚОЛЫ/	27.07.23 ж.
	Аккредиттеу және сапаны қамтамасыз ету бөлімінің бастығы Лайық С.М.	 /ҚОЛЫ/	27.07.23 ж.

Осы құжатты «М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті» КЕ АҚ ректорының рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

Мазмұны

№	Ереженің бөлімдері	бет
1.	Жалпы ережелер	4
2.	Қызмет мақсаты және негізгі міндеттері	4
3.	Құқығы	5
4.	Жауапкершілігі	6
5.	Құрылымдық бөлімдермен өзара әрекеттестігі	6
6.	Қорытынды ереже	6
7.	Танысу парағы	7
8.	Тарату парағы	7

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Осы ереже М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің әлеуметтік жұмыс басқармасының ұйымдастыру негіздерін анықтайды.

Әлеуметтік жұмыс басқармасы М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің (бұдан әрі - университет) 19-сәуір 2023ж. Директорлар кеңесінің шешімімен құрылған университеттің құрылымдық бөлімі болып табылады.

Басқарма тікелей әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректорға бағынады.

Басқарманы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес университет Басқарма Төрағасы–Ректордың бұйрығымен тағайындалатын және қызметтен босатылатын басқарма басшысы басқарады.

Басқарманың штаттық санын ҚБ басшысының ұсынысы бойынша университет қызметінің шарттары мен ерекшеліктеріне қарай университет Басқарма Төрағасы–Ректор бекітеді.

Басқарма құрылымы келесі бөлімдерден тұрады: Жастармен жұмыс бөлімі, «Сұңқар» спорт клубы, студенттер үйі.

Басқармаға тиесілі негізгі міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті құқықтарды лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес басқарма басшысы жүзеге асырады.

Басқарма туралы ережені және басқа да құжаттарды университеттің Басқарма Төрағасы–Ректор бекітеді.

Басқарма қызметкерлері өз қызметінде ҚР қолданыстағы келесі заңдарды білуге міндетті және басшылыққа алады:

- ҚР Конституциясын;
- ҚР «Білім туралы» Заңын;
- ҚР «Ғылым туралы» Заңын;
- ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын;
- ҚР «Тіл туралы» Заңын;
- ҚР Еңбек Кодексін;
- ҚР Азаматтық кодексін;
- ҚР ғылымын дамытудың 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын;
- ҚР жастар саясатының 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын;
- ҚБ регламенттейтін басқа да нормативтік – құқықтық актілерді;
- Университет Жарғысын;
- Ішкі тәртіп Ережелерін;
- Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, санитарлық-эпидемиологиялық саласындағы қағидалар мен нормаларды;
- Университеттің ғылыми кеңесінің, ректорат шешімдерін.

Осы Ереже бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және міндетті болады.

2. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

2.1. Әлеуметтік жұмыс басқармасының басты мақсаты институттар мен факультеттерде әлеуметтік-тәрбие, шығармашылық жұмысын басқару, ұйымдастыру және бақылау болып табылады. Тәрбие үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелерді енгізу, студенттер қозғалысын есепке алу және әлеуметтік-тәрбие жұмысы тұрғысынан ҚР ҒжЖБМ - мен тығыз өзара байланыс.

2.2. Әлеуметтік жұмыс басқармасының негізгі міндеттері:

- университет қызметкерлерімен, студенттермен әлеуметтік жұмыс саласындағы университеттің құрылымдық бөлімшелерінің қызметін жоспарлауды, бақылауды үйлестіру;

- әлеуметтік қолдауды қажет ететін студенттер мен Университет қызметкерлерінің мәліметтер базасын қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз етуі;

- ұсынылатын әлеуметтік қызметтердің сапасы мен олардың әлеуметтік қызметке мұқтаж студенттер мен қызметкерлердің қажеттіліктеріне сәйкестігінің нәтижелерін талдау (ары қарай- контингент);

- контингенттің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, медициналық, педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік және тұрмыстық қызметтерді қоса алғанда, қызмет көрсету ұйымдарымен байланыс орнату;

- арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудің нысандары мен әдістерін жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу;

- студенттердің діни сауаттылығын арттыруға ықпал ету және экстремизмнің алдын-алу шараларын жүргізу;

- студенттік өзін өзі басқару органдарының жұмысын қадағалау, жастар ұйымдарының жетекшілерін және құрамын іріктеу және олардың жұмыстарын үйлестіру;

- студент жастардың бос уақыттарын тиімді пайдалануына, университеттің қоғамдық өміріне атсалысуына ықпалын тигізу;

- салауатты өмір салтын қалыптастыруға және дене тәрбиесін дамытуға ықпал ету;

- еңбекті қорғау мен қауіпсіздік ережелерінің, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық - гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету;

- студенттердің тұлғалық қалыптасуына бағытталған іс-шаралар жоспарының орындалуын қадағалау;

- студенттерді жатақханаға орналастыру және шығару бойынша жұмысты үйлестіру;

- еңбекті қорғау мен қауіпсіздік ережелерінің, өрт қауіпсіздігі мен санитарлық - гигиеналық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету;

- студенттердің университетпен келісім шартта бекітілген құқықтары мен міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ету;

- студенттердің дебаттық, волонтерлік қозғалыстарының жұмысын ұйымдастыру;

- студенттерді факультеттік және жалпы университеттік іс-шараларға қатысуға тарту;

- профессор-оқытушылар құрамы мен академиялық топ кураторларының әлеуметтік-тәрбие жұмысын үйлестіру және бақылау;

- институттар мен факультеттер кафедраларының тәрбие жоспары мен өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау;

- университеттің даму стратегиясын жүзеге асыру.

3. ҚҰҚЫҒЫ

- Басқарманың құзырына кіретін жұмыстарды жүзеге асыру үшін қажетті материалдарды ұсынуды талап етуге.

- Университет басшылығына басқарма жұмысының тиімділігін арттыру және жақсарту бойынша ұсыныстар беруге.

- Басқарма қызметін орындауға байланысты мәселелерді шешу үшін қажетті ақпаратты, құжаттарды және материалдарды белгіленген тәртіпте құрылымдық бөлемдерден сұрауға және алуға.

- Басқарма құзыретіне кіретін мәселелерді талқылауға, конференциялар мен семинарларға қатысуға.

4. ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы еңбек заңнамасы аясында және осы Ережеде қарастырылған функционалдық міндеттерді орындамау немесе дұрыс орындамағаны үшін жауап беруге.

- ҚР Әкімшілік, қылмыстық және азаматтық заңдары аясында қарастырылған өз қызметтерін атқару барысында жасаған құқық бұзушылық іс-әрекеттеріне жауап беруге.

- ҚР қолданыстағы еңбек және азаматтық заңнамасы аясында анықталған материалдық зиян келтірген жағдайға жауап беруге міндетті.

5. ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСТІГІ

Талап етілетін кәсіптер, мамандықтар мен біліктілігі бойынша қызметкерлерді жинақтау, еңбек демалысы кестесін дайындау мәселелері, мамандықтар мен лауазымдар атауларының дұрыстығы туралы ақпарат алу, тарифтік мөлшерлеме мен бағаларды, лауазымдық жалақылары, қосымша ақыларын, үстеме ақылар мен жалақыға коэффициенттерін қолдану бойынша – персоналды басқару қызметімен.

Жұмыс уақытын есепке алу табелін ұсыну мәселелері бойынша – персоналды басқару қызметімен.

Құқықтық мәселелер, консультациялар алу, қолданыстағы заңнамаларды түсіндірулер соның ішінде еңбек кодексін түсіндіру бойынша – заң қызметінің қызметкерлерімен.

Компьютерлендіру, цифрландыру және бағдарламалық қамтамасыз етуді ұйымдастыру, жоспарлау мәселелері бойынша – ақпараттық – коммуникациялық технологиялар орталығымен.

6. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕ

Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар мынадай жағдайларда енгізіледі:

- университет құрылымының өзгеруі;
- құрылымдық бөлім қызметінің өзгеруі.

Осы ережеге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

Осы ережемен реттелмеген мәселелер қолданыстағы ҚР заңнамасына сәйкес шешілуі тиіс.